

РЕКТОР АҒАМА

Жаз бойы жүрдім шарлап мен ауылды
Аралап Қарғалы мен қос Жамбылды,
Ұзынағаш, Шамалған, Қаскелеңді,
Жиренайғыр қалды жолда, Саз,Жыңғылды,

Жүргенде қолым тимей Қаскелеңде,
Өсек жетті тыңдамайтын таскеренге,
Кім бастаған ол өтірікті – мен білмеймін,
Мансуров жеткізіпті Төлегенге:

«Алғатбек студенттерді үгіттейді,
Жандосовты нағыз мықты жігіт дейді,
Біз жүргізген жұмысты бұзып жатыр,
Арамызға жік салып іріктейді!»

Мұрсам болмай ол өсекке алаңдайтын,
Ойламаппын ағаларым арандайтын,
Балнұрдың жұмысымен жүре бердім,
Жоқ дұшпан, деп, өрлеуіме жалаңдайтын.

Балнұрды өткізбеді Сыдық әкім,
Қалмады, туысқан жоқ енді жақын,
Намысы жоқ, жағымпаз әкімдерге
Қосылды мұғалім мен Есен ақын.

Нәтижесіз ол сайлау солай қалды,
Сасқанда телефонды Ораз шалды:
«ҚазГУ-дегі өкілімді қуа береді,
Барсаңыз сіз аласыз жанжал алдын!»

Қанымды сатқанымша еркімнен тыс,
Көрсетер ерлігімді осындай іс,
Болам, деп, бір күн бура, атан болмай,
Сайлау күні бардым жалғыз ұжымнан тыс.

Құдайдың әділеті алыс қандай,
Сайланбай қалды Ораз арыстандай,
Ит пен құсқа інімді жамандатып,
Қалайша отырар едім намыстанбай.

Ар мен намыс дегенді түсінбейді,
Бастық ағам әділетті менсінбейді,
«Құтылайық бұзақы Алғатбектен,
Бізден аулақ, жұмыс таппай жүрсін!» деді

«Халық жауы Ораздың немересі
Кіші Оразға сен едің неменесі?
Жанжалыңнан аулақ!» деп, жұмыс бермей,
Жатқанбаев Ержанның кетті есі.

Кете салдым ҚазГУ- дегі қызметтен,
Заман болды ағаларды қатын еткен,
Ол тұрмақ министр де болғаным бар,
Қалған жоқ ол әкемнен – Балғабектен.

Қорқытам деп, бар алғаның сол жұмыс па?
Боқ-дүние домалатқан – біз құмырсқа,
«Күрек болса шығарар боқ табылады»,
Әкем айтқан сол мақалды сен де ұмытпа!

Онымен Мансуровың тынбай қойды,
Мені оқудан шығаруға ымдай қойды.
Ол бұйрығын орындаудың жолындағы,
Жатқанбаев бұл қылығын қолдай қойды.

Мәселемді жиналыста қарамады,
Ұжымнан ақыл-кеңес сұрамады,
Қол қоймады, уақытты соза берді,
Сол қылықпен креслосынан құламады.

Мансуров шаш пен бірге бас алады,
Жатқанбаев кресло үшін жан салады,
Үлгі болар ағалардың түрі сол ма,
Ұрпақтарға үлгі болып не қалады?

Бұл істерін заңгер нағып құптамайды?
Заңды бұзсам мені неге соттамайды?
Соттап, жария етіп газеттерге, «Қудық,
Алғатбек қылмыскер!» деп оттамайды?

Мәнсап жолын ешқашанда қуған жоқпын,
Лауазымға, жұмысқа әбден тоқпын,

Ректорлық лауазымың керек емес,
Ағам аман болсын, деймін, ректор емес!

Алпыс үшке толатын күнің келер,
Ректорлықтан түсетін кезің жетер,
Жағымпаздар су сепкендей басылады,
Артыңда інің болмай кімің ерер?

Қыдырбек-ұлы А.Б.
2005 ж.